

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	“Бөбек лүпілі” жеке меншік балабақшасы				
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	“Балдырған”				
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Касымханова Д.Е				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	27.03 - 31.03.2023 ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары				

әңгімелесу, кеңес беру	мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің топырағы құрғақ екендігін іс-тәжірибеде, қопсытқышпен соққылау арқылы көрсету; топырақты қопсытқаннан кейін, тамырларға судың тез жететіні туралы түсіндіру, іс-тәжірибеде көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, өзара алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін бекіту, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сүкүйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.
	"Алынбалы-салынбалы ойыншықпен ойнау". Мақсат-міндеттер:	"Ою саламыз" саусақ жыттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу	"Үлкен - кіші" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың үлкендігі және	«Теңге алу» қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың тапқырлығы мен	"Түсі бойынша қою" ойыны. Мақсат-міндеттер: түсті ажырату бойынша жұмысты

	балаларда жағымды көңіл-күйдің пайда болуы үшін мүмкіндіктер жасау, ойлауды, зейінді, ұсақ қол моторикасын дамыту. Ойыншықтарым көп менің, Бәрін жақсы көремін. Кешке дейін жалықпай, Бірге ойнап жүремін.	мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)	кішілігі туралы мәлімет беру. Үлкен қорапта әртүрлі көлемдегі ойыншықтар салынған. Балалар қораптың ішінен үлкен және кішкентай ойыншықтарды ажыратып, табулары қажет. (сенсорика)	ептілігін дамыту, ұлттық ойын арқылы татулық пен адамгершілікке тәрбиелеу. Балалар ат үстінде шауып ойнайды. Балалар қозғалыс барысында тиын жинауы керек. Кім көп тиын жинайды, сол бала жеңімпаз атанады. (дене шынықтыру)	жалғастыру. Бір үлкен қорапта текшелер мен шарлар бар. Үстелдің үстінде тағы екі қорап болады: текшелер қызыл, шарлар жасыл қорапқа салу керек. Тапсырма: шарлар мен текшелерді түсі бойынша орналастыру. (сенсорика)
--	---	--	--	--	--

		Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту)			
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау; 1–1 шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру; 1–2 иыққа салып, басқа кию; 1–3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау; 2–1 қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу; 2– 2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 3. Бастапқы қалып: жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою; 3–1 оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою; 3–2 тіктелу; 3–3 сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою; 3– 4 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау). 4. Бастапқы қалып: аяқты бірге қою, құрсауды екі қолмен ұстау; 4.–1 бір бағытта жеңіл секіру; 4–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> - Дәмді тағам дайын, пай, пай ... Шақырады шебер аспаз апай (ағай): - Қасықтарыңды дайындаңдар!				

	Асықпандар, асықпандар ... (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Сыңғырла, домбыра! Сыңғырла, домбыра! Күйің таралсын кең далаға. Сыңғырла, домбыра! Сыңғырла, домбыра! Күйің таралсын ауыл-қалаға. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Спорт – өнер". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп келе жатып, биіктен секіру жаттығуына үйрету; гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биіктен секіру қимылының техникасын жақсы меңгеруге және биіктен секіру	Музыка "Нағыз қазақ - домбыра". Мақсат-міндеттер. Балаларды киелі домбырамен таныстыра отырып, күйді тыңдауда сипатын ажырата білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу	Дене шынықтыру "Спорт әлемінде". Мақсат-міндеттер. Балаларды түрлі-түсті жалаушалармен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, мерекеге сай көңілді жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, жалаушаларын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі	Дене шынықтыру "Спорт". Мақсат-міндеттер. Балаларды қолдарындағы түрлі-түсті жалаушалармен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, жалаушаларын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі	Сурет салудан ойын-жаттығу "Сүлгіні безендірейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетіндегі шаршы пішінін бақылап, бұрыштардың ортасын тауып (бояусыз), саусақпен көрсетуге үйрету; саусақты бояуға малып, төртбұрыштың әрқайсысының ортасына тез басып

	кезінде қол, аяқ үйлесімділігі мен қауіпсіздік ережесін сақтай білуге дағдыландыру.	сезімдеріне тәрбиелеу.	бойынша қайта жүру; гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биіктен секіру жаттығуының жасалу техникасын естеріне түсіру; гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп келе жатып, биіктен секіру іскерліктерін дамыту; қимылды ойын арқылы қос аяқтап секіру іскерліктерін жетілдіру.	бойынша қайта жүру; түрлі-түсті жалаушалармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын қорытындылау; оқу қызметін пысықтау; өз беттерімен бір-бірлеп гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биіктен секіру жаттығуын бақылай отырып, олардың жаттығу жасау іскерліктерін жетілдіру.	алып, "сүлгіні" безендіруге жаттықтыру; саусақтағы бояудың біткенін байқап, бояуға қайта малып, сурет салуды жалғастыруға дағдыландыру; сүлгіні уақытында қолданып, қағаз бетін таза ұстауға баулу; сүлгінің қол мен беттің және дененің таза болуы үшін қолданылатыны туралы түсініктерді пысықтау.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер.	Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер.	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер.	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер.	Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем

Балаларды аулаға ұшып келген құстарды бақылауға, қимылдарын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі жөніндегі ұғымдарын жетілдіру. - Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө. Тұрманжанов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек	Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы ұғымдарды беру, күннің жылынып, құстардың келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту. - Балалар, қараңдаршы! - Айналада қар еріп жатыр, күн жылыды. - Адамдар жылы киімдерін тастады. - Күніміз бізге күлімдеп тұр, шуақтарымен ойнап. Көктем, көктем, Құстар көкке. Ұшты жан-жаққа Қонды бұтаққа. Д. Ахметова	Балаларды ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің қалай соғатынын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Желдің соққанын байқайық, Желектерге бір қарайық: Жел бұталарды шайқайды, Жапырақтармен ойнайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге	Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу бергені туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге таппақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел созайық. Қолдарымыз шуақтар, Жайылады жан-	әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын көрсетуге ынталандыру. "Құстар, құстар, келіндер". Құстар, құстар, келіндер, Жемді шоқып, теріндер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріндер. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп,
---	--	---	--	--

әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Балапандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын барысында айтылатын сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға үйрету, белгі бойынша белгілі жерге жиналу дағдыларын жетілдіру. – Балалар, сендер "балапан" боласыздар. Балапандар тауық қорада отырады. – Балапандарым, шығындар аулаға!	Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттап білу дағдыларын жетілдіру. - Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-	әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жалаушалармен ойын. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғаққа сай жалаушалармен қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін сигнал ретінде қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлғауға ынталандыру. Педагог балаларға жалаушаларды үлестіреді. - Балалар, жалаушаларды жоғары көтеріп көрейікші. - Тамаша!	жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды сапта марш басу қимылдарына жаттықтыру, педагог көрсеткен	қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытта, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" белгісі бойынша белгілі жерге жүтіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды, "ұя" деп
---	--	--	--	--

	Өзіне қарай ойын алаңына шақыру. – Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіндерші. Қанаттарын қағып, жүгіреді. Қанаттарын қалай қағады? Көрсетіндерші? Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын қағып, алдыға жүгіреді. Жарайсыңдар! Қимылдарды қосылып, көрсетіп жүру. – Балапандар! Өне, үлкен құс ұшып келеді! Жүгіріңдер қораға! Шақырулар айтылып жатқанда дауысты ақырындату керек, сонда балалар бір-	домалақтар. Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. "Өткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, эткеншек, Айнала бер бізбенен.	- Жалаушалар желбірейді, себебі жел соғады. - Желдің жалаушаларды қалай желбірететінін тағы бір көрсетіндерші. - Жарайсыңдар! - Қазір жалаушалармен ойнайық. "Жалауша". Не деген тамаша! Қолымда таяқша, Көк жібектей мата, Желбіреген жалауша! Д. Ахметова Жаттығу бірнеше рет орындалады. Педагог балалардың бір-бірінен алшақ тұрғанын қадағалау керек. "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер:	қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру. - Балалар, біздің дөп-дөңгелек күнге не ұқсайды? - Бауырсақ ұқсайды. - Әжеміз пісірген Бауырсаққа ән айтып берейікші. - Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау) Ей, Бауырсақ! Міне, алысқа жолақ. Жалғыз болып, қалдың ба? Тоқтамай жүр, адымда! Бір-екі! (адымдау) Бір-екі! Боласың бізбен епті. Сенгіш болып, қалдың ба? Тоқтамай жүр, адымда! "Көлшіктен өт" қимылды	белгілейді. "Торғайлар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүтіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады: – Торғай, торғай , Шиық-шиық, Лық-лық. Дорбаны ашамыз, Тәтті жем шашамыз. Ұшып келші, Шоқып терші. Д. Ахметова - Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар!
--	--	--	---	---	--

	біріне соғылмай, өз орындарын тауып отырады. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.		балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.	жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.	Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда) беруге болады, бір-біріне соғылып қалмауларын қадағалау керек. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты				

	байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> - Дәмді тағам дайын, пай, пай ... Шақырады шебер аспаз апай (ағай): - Қасықтарыңды дайындаңдар! Асықпаңдар, асықпаңдар ... (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңі". Мақсат-міндеттер. Балаларды М.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Диван". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі кірпіштен диван	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Асатаяқ". Мақсат-міндеттер. Балаларды асатаяқ	Музыкадан ойын-жаттығу "Өнерлі баламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды домбырада	"Дастархан" сюжетті-рөлді ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойын жоспарын жүзеге

тағы басқа әрекеттер)	Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету; "Бесік жыры" өлеңінің тәрбиелік маңызын түсіндіру; шығарма желісін бақылап, көркем сөздер мен қимылдарды белгілі ырғақпен жатқа және ересек адамның соңынан қайталап айтуға жаттықтыру.	жасауға үйрету; текшелерді жатқан кірпіштің екі жағына қосуға дағдыландыру; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз іс-әрекетін қолайлы белгілі сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге дағдыландыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдау және кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту.	құрылымын бақылауға және педагогтың сұрақтарына жауап беруге үйрету; асатаяқтың маңызы туралы түсінік бере отырып, оның аспап ретіндегі ерекшеліктеріне баса көңіл аударуға баулу.	орындалған күйлерді тыңдауға ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу.	асыру біліктіліктерін дамыту; дастархан алдында әдептілік ережелерін ұстануға бейімдеу; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Балалардың белгілі бір рөл үшін керек құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау, ойын көрінісіне жетіспей тұрған заттармен, ойыншықтармен толықтыру талпыныстарын ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) "Досына көмектес" қимыл-қозғалыс аз ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша біресе билеп жүріп, біресе
-----------------------	---	--	---	---	---

					"көмек қолын" беріп, жұпты құруға машықтандыру; кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; достыққа тәрбиелеу. (дене шынықтыру)
Балалармен жеке жұмыс	"Бір" және "көп" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту, «көп – бір» заттардың санын ажырата білуге жаттықтыру; ойлауын, зейінін дамыту. Мұғалім ойыншықтар тобын қарастыруды ұсынады, екі «үйді» (бөлінген орындарды) қарап шығуды ұсынады, баламен бірге	"Көлеңкеге не жасырдым?" дамытушы жаттығуы. Жарты шеңберде отырған балаларға ширма артына әртүрлі ойыншықтар немесе заттар жасырылады. Бұлардың пішіндері үшбұрышқа, дөңгелекке, тіктөртбұрышқа, шаршыға, сопақшаға келеді. Жеке тақтаға бірыңғай түске боялған (мысалы, көк түс) геометриялық	Ойын-имитация. "Домбыра" Домбыра – ғажап аспап, Ойнап кетсе – Қане! Шап! Күмбір-күмбір, күмбірлейді. Іліп қойсаң – үндемейді. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)	"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу. Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету) Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)	"Тағам алдыру" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойын барысындағы қимылдарды орындауға үйрету. Балалардың белгілі бір рөл үшін атрибуттарды өз бетінше таңдауға талпыныстарын ынталандыру; ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен

	айтады: «Бұл үй «Көп» деп аталады, мынау «Бір» Содан кейін тапсырма беріледі: Мұқият қараңыз ойыншықтар, ойыншықтарды үйге бірінде біреу, екіншісінде көп болатындай етіп қойыңыз. (сенсорика, сөйлеуді дамыту)	пішіндер жапсырылады. Немесе слайд ретінде көрсетіледі. - Балалар, мен сендерге көлеңке көрсетемін, ал сендер оларға ұқсайтын пішіндерді атайсыңдар. - Жарайсыңдар! Балаларға доп, текше, призма, матрешка, пирамида жасырылып, дұрыс жауап берген балаға беріледі. Егер жауап болмай жатса, бірінші көрсетіп, содан соң ғана жауап алуға болады. (қоршаған ортамен танысу)		Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) (сөйлеуді дамыту)	танысу)
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес				

	әрекет)
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дамытушы ойындар. (сенсорика) Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі,

	өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. Табиғат бұрышын қарастыру. (қоршаған ортамен танысу) Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Балаға шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерді есте сақтаудың маңызы".

Тексерген: Бекишева М.А.

